

**Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімдерінде тіркеу және оларға өзгерістер енгізу қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 1316 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17322 болып тіркелді.

**Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 22-4-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасының Патент заңы" Қазақстан Республикасының Заңының 36-бабының 1-тармағына, "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 46-бабының 1-тармағына және "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 727 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімдерінде тіркеу және оларға өзгерістер енгізу қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Зияткерлік меншік құқығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет Вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрі

М. Бекетаев

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2018 жылғы 28 тамыздағы  
№ 1316 бұйрығына  
қосымша

**Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімдерінде тіркеу және оларға өзгерістер енгізу қағидалары**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 20.03.2020 № 106 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімдерінде тіркеу және оларға өзгерістер енгізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімдерінде тіркеу және оларға өзгерістер енгізу тәртібін белгілейді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен терминдер қолданылады:

1) кандидат – патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміттену құқығы бар тұлға;

2) Комиссия – Патенттік сенім білдірілген өкілдердің қызметі мәселелері жөніндегі комиссия;

3) көрсетілетін қызметті алушы – жеке тұлға, патенттік сенім білдірілген өкілге кандидат;

4) патенттік сенім білдірілген өкіл – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган мен сараптама ұйымы алдында жеке және заңды тұлғалардың өкілі болу құқығы берілген Қазақстан Республикасының азаматы;

5) Тізілімдер – Тауар белгілері, географиялық нұсқамалар, тауар шығарылған жердің атаулары саласындағы Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі және Өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер саласындағы Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімі.

"Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу" және "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік қызметтері Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитетімен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Осы Қағидаларға өзгерістер немесе (және) толықтырулар енгізу кезінде, уәкілетті орган "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына, көрсетілген қызметті берушіге тиісті нормативтік құқықтық акт әділет органдарына мемлекеттік тіркелгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсетудің мониторингі ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген).

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-тарау. Патенттік сенім білдірілген өкілдің қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу, патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімдеріне тіркеу және оларға өзгерістер енгізу тәртібі**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-параграф. Құжаттарды қабылдау**

3. "Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау" мемлекеттік қызметі.

4. Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласында кемінде төрт жыл жұмыс тәжірибесі бар немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасында кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен адамдар аттестаттауға жіберіледі.

Патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау Қазақстан Республикасының заңнамасын және зияткерлік меншік саласындағы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды білуге арналған тестілеу нысанында өткізіледі.

Патенттік сенім білдірілген өкіл патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өткізу және оларға патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру нәтижелері бойынша қызметін келесі саладағы мамандануына сәйкес жүзеге асырады:

- 1) тауар белгілері, географиялық нұсқамалар, тауар шығарылған жердің атаулары;
- 2) өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

5-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Аттестаттаудан өту үшін көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы мынадай құжаттарды жібереді:

1) осы Қағидалардың 1, 1-1 қосымшаларына сәйкес нысан бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған

патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттауға жіберу туралы өтініш;

2) зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасында кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізуге арналған мәліметтер.

Осы Қағидалардың 2-қосымшадағы көрсетілген мәліметтер аттестаттау емтиханына келген кезде көрсетілетін қызметті алушымен ұсынатын құжаттардың түпнұсқаларымен салыстырылады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. "Патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес көрсетілген.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 727 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.

Жауапты орындаушы ұсынылған құжаттардың толықтығын және сәйкестігін тексереді. "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы тиісті түрде ресімделмеген немесе құжаттар топтамасы толығымен ұсынылмаған жағдайда уәкілетті орган олардың түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтінішті әрі қарай қараудан дәлелді бас тарту туралы жазбаша түрінде жауап береді.

Аттестаттауға рұқсат беруден бас тарту сот тәртібінде шағымдалады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Қағидаларды 7-1, 7-2, 7-3 және 7-4 тармақтармен толықтыру көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Аттестаттауға:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салынған адамдар;

2) қылмыс жасағаны үшін заң тәртібінде белгіленген өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

3) осы Заңға сәйкес патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімдерінен шығарылған адамдар;

4) уәкілетті органның және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) болып табылатын адамдар жіберілмейді.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**9-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Уәкілетті орган құжаттардың түскен күні оны қабылдауды және туркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін жүгінген болса, Қазақстан Республикасының еңбек заңына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетілуінің нәтижесін алу, келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, ЭУТШ арқылы мемлекеттік баж төлемі туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

## **2-параграф. Аттестаттауды өткізу**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**10-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Аттестаттауға рұқсат берілген кандидаттардың тізімі уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.

Аттестаттауға рұқсат берілген кандидат үш жұмыс күні бұрын тестілеуден өту орны , күні, уақыты туралы "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда хабарланады және көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылады.

Кандидат жеке басын куәландыратын құжат ұсынған кезде бір жұмыс күні ішінде емтихан тапсырады.

11. Кандидат өз қалауы бойынша аттестатты қазақ немесе орыс тілінде өтеді. Аттестацияның басталуына дейін кандидат өз тіл қалауын жазбаша түрде растайды.

12. Тестілеуге енгізілуі тиісті сұрақтар тізбесін аттестаттау комиссиясымен бекітеді. Кандидаттардың білімін бағалауға арналған сұрақтар патенттік сенім білдірілген өкілдерге қызметті жүзеге асыру үшін білуді қажет ететін құқық пәндерінің

тақырыптарына ("Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы", "Қазақстан Республикасының Патент заңы", "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы", "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңдары), сондай-ақ зияткерлік меншік саласындағы ратификацияланған халықаралық шарттарға сәйкес келуі және біреуі дұрыс болатын жауаптардың кемінде төрт нұсқасын қамтиды.

Тестілеу компьютерлік техниканы пайдалана отырып өткізіледі. Тестілеуге бөлінген уақыт тоқсан минутты құрайды.

Тест құпия ақпарат болып табылады және еркін жариялауға жатпайды.

Аттестаттауды өткізер алдында көрсетілетін қызметті беруші кандидатты аттестаттауды өткізу тәртібі, ұзақтығы және іріктеу рәсімінің мазмұны туралы хабардар етеді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Көрсетілетін қызметті беруші аттестаттау күні, уақыты мен орны, аттестаттаудан өтушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тестілеу нәтижесі көрсетілетін хаттама жүргізіледі.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Тестілеуден шеттетілген кандидат келесі аттестаттауға жіберу туралы өтінішті қайта беру құқығынан айырылмайды.

15. Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу қолданылатын компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі. Тестілеу нәтижелері принтерде екі данада басылып шығарылады және аяқтала салысымен бірден үміткерге жеке қол қойдыру арқылы танысу үшін ұсынылады.

Тестілеу нәтижелері бар парақтың бір данасы үміткерге тапсырылады, екіншісі көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Егер дұрыс жауаптардың саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 70 % және одан жоғары құраса, кандидат тестілеуден өтті деп саналады.

Жауапты орындаушы тестілеу нәтижесі бойынша хаттама дайындайды және екі жұмыс күні ішінде оны құрылымдық бөлімшенің басшысы мен көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасына қол қоюға жолдайды.

Хаттамаға көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға тарапынан қол қойылады.

Хаттама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ жолданады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Аттестаттау аттестацияға жіберу туралы өтініш түскен күннен бастап атқарылатын қызмет көрсетушінің орналасқан жері бойынша 10 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Көрсетілетін қызметті алушының қалауы бойынша мемлекеттік қызмет патенттік сенім білдірілген өкілдерді аттестаттауға рұқсат беру және патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін алу туралы өтініш негізінде осы Қағидалардың 5, 5-1 қосымшаларына сәйкес нысан бойынша "бір өтініш" қағидаты бойынша "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік қызметінің жиынтығымен көрсетіледі

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-параграф. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін беру**

19. "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік қызметі.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**20-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 ( 12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін алу үшін кандидат "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы осы Қағидалардың 6 және 6-1-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік немесе орыс тілдерінде кандидаттың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін беру туралы өтініш жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті "жеке кабинетінде" берген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігі үш жұмыс күні ішінде беріледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. "Патенттік сенім білдірілген өкіл куәлігін беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес көрсетілген.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 31.08.2022 № 727 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Уәкілетті орган құжаттардың түскен күні оны қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш беруші жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініштің осы Қағидалардың 6, 6-1-тармақтарындағы насандағы сәйкес келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға өтініш қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсете отырып, хабарлама жібереді.

Өтінішті сәйкестендіру мерзімі бір жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушы хабарламаны алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде оны талаптарға сәйкес келтірмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан бас тарту жолдайды.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қарау нәтижелері бойынша осы Қағидалардың 8 және 8-1-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша патенттік сенім білдірілген өкілдің куәлігін ресімдейді және оны бір жұмыс күні ішінде құрылымдық бөлімшенің басшысына келісуге жібереді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

Қағидаларды 22-1, 22-2, 22-3 және 22-4-тармақтармен толықтыру көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі көрсетілетін қызмет берушінің уәкілетті тұлғаның қолы қойылғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне бір жұмыс күні ішінде жолданады.

**4-параграф. Патенттік сенім білдірілген өкілдердің тізілімдеріне және оларға өзгерістер енгізуді тіркеу**

Ескерту. 4-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Тізілімдерге куәлік алған патенттік сенім білдірілген өкілдердің және олардың алдағы уақыттағы өзгерістері туралы мәліметтері енгізіледі. Тізілімдер уәкілетті органмен жүргізіледі және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Тізілімдерге келесі мәліметтер көрініс табады:

- 1) куәлік нөмірі болып табылатын реттік тіркеу нөмірі;
- 2) патенттік сенім білдірілген өкілді тіркеу күні;
- 3) патенттік сенім білдірілген өкілдің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);
- 4) тұрақты тұрғылықты жері;
- 5) хат алмасу үшін мекенжайы, сондай-ақ телефон, электрондық почта мекенжайы;
- 6) жұмыс орны, лауазымы;
- 7) куәлікті беру немесе жіберу туралы мәліметтер;
- 8) тоқтата тұру туралы мәліметтер;
- 9) Тізілімдерден алып тастау жөніндегі мәліметтер.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Осы Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген патенттік сенім білдірілген өкілдердің мәліметтері өзгерген жағдайда, патенттік сенім білдірілген өкіл бір ай мерзімде осындай мәліметтер өзгерген сәттен бастап ол туралы уәкілетті органға хабарлайды.

**3-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне ( әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

27. Уәкілетті органның құрылымдық бөлімшенің қызметкерлерінің әрекеттеріне ( әрекетсіздігіне) шағымдану көрсетілетін қызметті берушінің басшысының және ( немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына беруге болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

28. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Патенттік сенім білдірілген  
өкіл қызметімен айналысуға  
үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу, патенттік  
сенім білдірілген өкілдердің  
тізілімдеріне тіркеу және оларға  
өзгерістер енгізу қағидаларына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі  
Зияткерлік меншік құқығы  
комитетінің төрағасына

(азаматтың тегі, аты, әкесінің  
аты (бар болған кезде), жеке  
сәйкестендіру нөмірі)  
мекенжайы \_\_\_\_\_

(почталық индексі, облысы,  
қаласы, ауданы, елді мекені,  
көше атауы, үй/ғимараттың  
нөмірі)

**Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілінің қызметімен айналысуға үміткер адамды тауар белгілері, географиялық нұсқамалар, тауар шығарылған жердің атаулары саласындағы мамандандыру бойынша аттестаттауға жіберу туралы өтініш**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Мені тауар белгілері, географиялық нұсқамалар, тауар шығарылған жердің атаулары саласындағы мамандандыру бойынша Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіліне аттестаттауға өтуге рұқсат беруді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Телефон нөмірі:

E-mail:

Факс:

Талап етілетін құжат топтамасы:

- патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өтуі үшін мәліметтер;

- зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасында кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Қосымша \_\_\_\_\_ парақта.

Азамат \_\_\_\_\_ күні: \_\_\_\_\_

(колы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1-1-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Әділет министрінің 28.04.2026 № 393 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Патенттік сенім білдірілген  
өкіл қызметімен айналысуға  
үміткер адамдарды  
аттестаттаудан өткізу, патенттік  
сенім білдірілген өкілдердің  
тізілімдеріне тіркеу және оларға  
өзгерістер енгізу қағидаларына  
1-1 қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі  
Зияткерлік меншік құқығы  
комитетінің төрағасына

\_\_\_\_\_

(азаматтың тегі, аты, әкесінің  
аты (бар болған кезде), жеке  
сәйкестендіру нөмірі)  
мекен-жайы

\_\_\_\_\_

(пошталық индексі, облысы,  
қаласы, ауданы, елді мекені,  
көше атауы, үй/ғимараттың  
нөмірі)

**Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілінің қызметімен айналысуға үміткер адамды өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер саласындағы мамандандыру бойынша аттестаттауға жіберу туралы өтініш**

**Ескерту. Қағидалар 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 29.01.2026 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Мені өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер салалары бойынша Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкіліне аттесттауға өтуге рұқсат беруді сұраймын.

Мені өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер салалары бойынша Қазақстан Республикасы патенттік сенім білдірілген өкілге аттесттауға өтуге рұқсат беруді сұраймын.

Шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін, сондай-ақ аталған мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Телефон нөмірі:

E-mail:

Факс:

Талап етілетін құжат топтамасы:

- патенттік сенім білдірілген өкіл қызметімен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өтуі үшін мәліметтер;

- зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласында кемінде төрт жыл жұмыс өтілі бар немесе патенттік сенім білдірілген өкілдер палатасында кемінде бір жыл тағылымдамадан өткен еңбек қызметін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Қосымша \_\_\_ парақта.

Азамат \_\_\_\_\_ күні: \_\_\_\_\_

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

